

## Халық тұтынатын тауарлардың жекелеген түрлеріне қойылатын акциздердің ставкалары туралы

### Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 24 мамыр N 557. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.07.14. N 974 қаулысымен.

"Акциз туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Қаулы етеді:

1. Республикада өндірілген халық тұтынатын тауарларға қойылатын акциздердің ставкалары қосымшаға сәйкес белгіленсін.

Акциздердің осы ставкалары қосылған құнға салынатын салықсыз

еркін босату бағалары негізінде жөнелтілген акцизделетін тауарлар (өнімдер) үшін төленген шоттар бойынша айналымға 1994 жылдың 1 маусымынан бастап қолданылады.

2. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Халық тұтынатын тауарлардың жекелеген түрлеріне қойылатын акциздердің ставкалары туралы" 1993 жылғы 5 ақпандағы N 90 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1993 ж., N 3, 34-бап) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 24 мамырдағы  
N 557 қаулысына  
қосымша

Халық тұтынатын тауарлардың жекелеген  
түрлеріне қойылатын  
Акциздер ставкалары

---

Тауарлардың атауы

! Акциз ставкалары

! қосылған құнға  
! салынатын салы

! ғын босату бағала  
! рындағы құнға  
! процент есебімен

---

Ішімдік этил спирті	90
Тағамдық шикізаттан алынған этил спирті (Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітетін кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер тізбесі бойынша арақ-ликер ішімдіктерін, күшейтілген ішімдіктер (шырындар), шарап, бальзам алу үшін, медициналық мақсаттарға босатылатындардан басқасы)	85
Ликерлер, күшейтілген ішімдіктер және бальзам	60

Шарап	50
Сыра	40
Шоколад	55

Бекіре және албырт балықтардың уылдырығы, балықтың бағалы түрлерінен жасалған дайын жеңсік тағамдар (оның ішінде консервілер):

- албырт;
- бекіре (қортпа, бестер, бекіре шоқыр, сүйрік) өнімдері 55

Темекі өнімдері (папиростар, кластарға бөлінген сигареттер) 20

Мехтың бағалы түрлерінен жасалған бұйымдар:

- пальто, қысқа пальто, жакеттер күртелер, палантиндер, бас киімдер, жағалар, лекал аумағы 15 шаршы дм. және одан үлкен бөліктер 50

- бас киімдер, жағалар	35
Табиғи теріден тігілген киім	40

Фарфор мен хрустальдан жасалған жоғары сапалы бұйымдар 45

Зергерлік бұйымдар:

- алтыннан	20
- платинадан	20
- күмістен	20

Жеңіл автомобилдерге арналған шиналар (автопокрышкалар) 30

Ескерту. Қосымшаға өзгерістер енгізілді - ҚРМК-нің

1995.02.13. N 146 қаулысымен.

Ескерту. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1995.

04.19. N 512 қаулысымен.

Ескерту. Қосымшадан сөздер алынып тасталды - ҚРМК-нің

1995.04.14. N 475 қаулысымен.